

ЕР ЖІГІТТІҢ МОЙНЫНДА, ҚЫЛ АРҚАН ШІРІМЕС...

Әрбір ұлттың санасында сақталған рухани асыл қазыналар бар. Қазақ халқы үшін бұл сөз жауапкершіліктің бір мысалы десек те болады. Соның ішінде мақал-мәтелдер – өмірдің өзіндей шынайы, уақыт сүзгісінен өткен тағылым. Бұл мақал жүрекке тоқитын, санаға салмақ түсіретін даналықтың бірі. Бұл жай ғана сөз емес, бұл – ұлттың ер азаматқа қойған талабы, ел сенімінің өлшемі.

Бүгінде қоғам өзгеріп жатыр. Ақпарат дамыды, технология өсті. Бірақ ер азаматқа артылар рухани жүк жеңілдеген жоқ. Керісінше, ар мен намыс, жауапкершілік пен парасат биігіне шығу үшін күресу қажет. Тақырыбымызға арқау болған осы мақал бүгінгі күнде бұрынғыдан да маңызды. Өйткені ұрпаққа үлгі болар тұлға азайып бара жатқандай. Қоғамға сөзінде тұратын, уәдесін бұзбайтын, тайсалмай тұрасын айтатын ер керек. Ол – өз мойнына түскен ауырлықтан жалтармайтын, сенімге селкеу түсірмейтін адам.

Мойындағы «қыл арқан» – халықтың сенімі. Ол көзге көрінбейді, бірақ әр сөзде, әр істе байқалады. Ол – ұрпақ алдындағы парыз, ата-ананың аманаты, елдің үміті. Кейде ол ауыр, кейде ол тағдырдың сын-қатеріне айналады. Бірақ нағыз ер жігіт сол арқанды шірітпей өтеді. Жеңіледі – бірақ берілмейді. Қиындық көреді – бірақ шындықтан таймайды. Осындай ұстаным ер азаматты тұлға етеді. Қазіргі кезде қоғамда жауапкершіліктен жалтару, уәдеге салғырт қарау жиі ұшырасады. Мұндай кезде бізге қайтадан ұлттық тұпқазығымызға оралу қажет.

Халық даналығы – әркез өзегін жоғалтпайды. Ол – бір буыннан келесісіне берілер тәрбие. Қоғам тыныштығы, ұрпақ тәрбиесі, отбасындағы береке – бәрі осы мақалдың мәнімен үндес. Ер – елдің тірегі, ал тірек мықты болмаса, үстіндегі жүктің бәрі құлайтыны анық. Сол үшін қыл арқанды ұстап тұру – парыз емес, аманат. Аманатқа қиянат жүрмейді.

Ендеше, бұл сөзді тек ескі дәуірдің ескерткіші деп емес, бүгінгі қоғамның темірқазығы ретінде ұғынуымыз қажет. Мойында шірімейтін арқан барын сезінетін азаматтар көбейсе, ертеміз де еңселі болады. Себебі сөз емес, әрекет сөйлейтін заман туды. Ал әрекетке арқау болатын – ар мен намыс.

Кейбіреулер ерлік тек соғыс пен қауіп-қатерде ғана көрінеді деп ойлайды. Жоқ. Бүгінгі ерлік – адал болу, отбасын асырау, баласына мейірімді болу, сөзіне берік болу. Осындай қарапайым, бірақ маңызды істер – күнделікті көрінбейтін ерлік. Қоғам да осыны күтіп отыр. Себебі ұсақ-түйек көрінгенімен, осы ұсақ нәрселерден үлкен сенім мен тұрақтылық құрылады.

Жас буынға осыны үйрету керек. Ер адам болу – тек жыныстық белгі емес, бұл – рухани мәртебе. Оған лайық болу үшін жүрек пен жауапкершілік қатар жүруі керек. Бала бойына осыны кішкентайынан сіңіру – үлкендердің міндеті. Бүгінгі қоғамның бет-бейнесі – кешегі ұрпақ тәрбиесінің нәтижесі. Егер біз болашақта мықты, адал, ұлтжанды ұрпақ көргіміз келсе, бүгін әр баланың бойына ар мен ұяттың, уәде мен сенімнің, парыз бен аманаттың не екенін жеткізуіміз керек.

Сондықтан бұл сөз – ескі дәуірдің емес, әр күнгі өмірдің темірқазығы. Бұл – ұлы жауапкершіліктің үнсіз аңты. Ер жігіттің мойнындағы арқанды ешкім шеше алмайды, оны өзі шірітсе ғана үзіледі. Ал оны сақтап қалатын – ар алдындағы адалдық, ел алдындағы жауапкершілік.

Бұл мақалдың астарында тек жеке адамның емес, бүкіл ұлттың тағдыры жатыр. Өйткені әр ер азамат – бір отбасының тірегі ғана емес, тұтас ұлттың болашағының бір бөлшегі. Елдің иығына артылар жауапкершілік тек өзінің өмірімен шектелмейді. Ол – ел алдындағы борыш, қоғам алдындағы парыз, ұрпақ алдындағы аманат. Осындай ауыр жүкті арқалау үшін тек күш емес, жүрек пен жігер, ақыл мен парасат керек. Ал бұл қасиеттер бүгінгі заманда туа бітпейді, тәрбиенен, орта ықпалымен, ішкі рухани ізденіспен қалыптасады.

Кейде өмірде сын сәттер болады – жақыныңнан да, туыстан да, қоғамнан да қысым көресің. Бірақ дәл осындай кезде ердің кім екені білінеді. Өзге үшін жеңіл көрінетін шешімді, ол ішкі ар-ұятымен таразылап барып қабылдайды. Өйткені ол мойнындағы көзге көрінбейтін арқанды сезінеді. Сол арқанды – ата-бабаның сенімі, анасының батасы, елінің үміті жіптей етіп есіп қойған. Осындайда ер азаматтың ішкі ар-намысы оның компасы болады. Қай жақтан дауыл соқса да, бағытынан таймайды.

Мұхаммедәли СЕРІҚҰЛЫ,
Түркістан облысы Дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-інің «Талдау» бөлімінің маманы.

Хабарландыру!

Түркістан облысы Бәйдібек ауданындағы «Дегерес» және «Дегерес-3» әктас (травертин) өндіру жөніндегі операциялардың салдарын жоюдың болжамды құнының есебі және жою жоспарына арналған ҚОҚ бөлімдері бойынша 24.04.2026 жылдан бастап 10 жұмыс күні ішінде жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттамамен танысу, ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін Бірыңғай экологиялық порталында: <https://ndbecology.gov.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінен қарауға болады, тел: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Каз-Травертин» ЖШС-і, мекен-жайы: ҚР, Шымкент қаласы, Енбекші ауданы, Қапал батыр, 94, БСН 140740015328, байл.тел.: +77014821605, kaz-travertin@mail.ru. Нысанның және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 42043'18", 69045'53,0".

ҚОҚ бөлімін әзірлеуші: ЖК Сыдыкова Н., мекен-жайы: Шымкент қаласы, Қ.Төлеметов көшесі 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru.

ЖАО – «ТО ТР және ТП РБ» ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

Проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений с 24.04.2026 года в течение 10-ти рабочих дней на Разделе ООС к плану ликвидации и расчет приблизительной стоимости ликвидации последствий операций по добыче известняков (травертин) месторождений «Дегерес» и «Дегерес-3» в Байдибекском районе Туркестанской области.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения», для предоставления замечаний и предложений, тел: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru.

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «Каз-Травертин», адрес: РК, город Шымкент, Енбекшинский район, улица Капал батыра, 94, БИН 140740015328, конт.тел.: +77014821605, kaz-travertin@mail.ru. Географические координаты участка и территории воздействия: 42043'18", 69045'53,0".

Разработчик раздела ООС: ИП Сыдыкова Н., адрес: г. Шымкент, ул.К.Тулеметова, 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru.

МИО - ГУ «УПР и РП ТО» по следующим адресам: город Туркестан мкр.Новый город, улица 32,20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

Түркістан облысы Бәйдібек ауданындағы «Дегерес» және «Дегерес-3» әктас (травертин) кен орындарын игерудің тау-кен жұмыстары жоспарларының (ашық әдіспен өндіру) әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдарына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Тыңдауларды өткізу орны, күні және уақыты: Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Боралдай ауылдық округі Боралдай ауылы О.Мамеков көшесі 15/1 (әкім. ғим), 21.05.2026 ж. сағ. 12:00 және 12:30-да. Нысанның және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 42043'18", 69045'53,0".

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: "Каз-Травертин" ЖШС-і, мекен-жайы: ҚР, Шымкент қ., Енбекші ауданы, Қапал батыр, 94, БСН 140740015328, байланыс тел.: +77014821605, kaz-travertin@mail.ru.

Материалдарды әзірлеуші: ЖК Сыдыкова Н., мекен-жайы: Шымкент қаласы Қ.Төлеметов көшесі 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Жобалық құжаттамамен танысу ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. қарауға және қосымша ақпаратты 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru арқылы алуға болады. Онлайн қосылымға сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Конференция идентификаторы: 616 540 8596. Кіру коды 123456.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "ТО ТР және ТП РБ" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қаласы Жаңа қала шағын ауданы 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

Проводятся общественные слушания в форме открытых собраний по материалам планов горных работ на разработку известняков (травертин) месторождений «Дегерес» и «Дегерес-3» в Байдибекском районе Туркестанской области (открытая добыча) для получения экологического разрешения на воздействие.

Место, дата и время начала проведения: Туркестанская область, район Байдибека, Боралдайский с.о., с.Боралдай, ул.О.Мамеков, 15/1 (здание акимата) 21.05.2026 г., в 12:00 и 12:30 часов. Географические координаты участка и территории воздействия: 42043'18", 69045'53,0".

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО "Каз-Травертин", адрес: РК, город Шымкент, Енбекшинский р-н, ул.Капал батыра, 94, БИН 140740015328, конт.тел.: +77014821605, kaz-travertin@mail.ru.

Разработчик материалов: ИП Сыдыкова Н., адрес: город Шымкент, ул.К.Тулеметова, 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. Доп. информацию можно получить по номеру и эл.адресу: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Ссылка на онлайн подключение <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a100a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Идентификатор конференции: 616 540 8596. Код доступа 123456.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «УПР и РП ТО» по следующим адресам: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32,20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

Құрылтайшысы және меншік иесі - "Шаян" газетінің редакциясы ЖШС

Бас редактор
Ұлан АБЗАЛҰЛЫ

Жарияланған мақала авторының пікірі редакция қозғарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырудың мазмұнына, мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Оқырман хаттары оңделеді және авторға қайтарылмайды.

«Шаян» газетінен мақала көшіріліп басылатын болса, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Газет аптасына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық Келісім Министрлігінде 26.03.2003 жылы тіркеліп, №3759-г куәлігі берілген.

Газет редакциясының компьютер орталығында теріліп, «ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды.

(Шымкент қаласы, Т.Әлімқұлов көшесі, №22 үй).

Таралу аймағы: Бәйдібек ауданы.

E-mail: Gazeta_shayan@mail.ru

Индекс: 65737

Мекен-жайымыз:

160200 Шаян ауылы,

Т.Тасболатұлы

көшесі. №2 үй.

Тапсырыс: № 781

Таралымы: 3000